

2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 ақпандағы № 72 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 ақпанда № 4128 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27 баптарына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Жуалы ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына карамастан ұйымдар үшін 2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің тізімдік санынан квоталар 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы " коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ербол Сәкенұлы Жаңабаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Көпбосынов

Жуалы ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 26 ақпандағы
№ 72 қаулысына 1 қосымша

2019 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
			ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыскерлердің тізімдік санынан %	жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Жасыл-Жуалы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	49	2%	1
2	"Бурный сүт компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	106	1%	1
3	Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жуалы-су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	54	2%	1

Жуалы ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 26 ақпандағы
№ 72 қаулысына 2 қосымша

2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

			Белгіленген квота мөлшері	

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар		Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар	
			жұмыскерлердің тізімдік санынан %	жұмыс орындарының саны (бірлік)	жұмыскерлердің тізімдік санынан %	жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Жасыл-Жуалы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	49	2 %	1	2%	1
2	"Бурный сүт компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	106	3%	2	3%	2
3	Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жуалы-су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	54	2%	1	2%	1
4	"Береке-2017" ауылшаруашылық өндірістік кооперативі" өндірістік кооперативі	51	2%	1	2%	1

5	"Орақ-балға" шаруа қожалығы	51	2%	1	2%	1
6	"Злиха" шаруа қожалығы	51	2%	1	2%	1
7	"Боранды" шаруа қожалығы	51	2%	1	2%	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК